

ТҮЙТКІЛ

Астанада көпқабатты үйде «көмір тасып, от жағады» дегенге ешкім сенбейтін шығар. Ешқандай өсірелеу емес. Көзбен көрдік, тұрғындармен бетпе-бет тілдесіп, жанайқайын тыңадық. 20 жылдан астам уақыттан бері осындай азапты көрген тұрғындардың шыдамы таусылды. Жуырда Астана қаласы әкімінің орынбасары Сергей Хорошунның есептік кездесуінде ашына сөйлеген «автоматикалықтардың» сөзі ел-жұрттың назарын аударды.

МҰРЖАЕЫ ЖӨП



БҰЛ ҮЙДЕ ЖӨМІР ЖАҒАДЫ

Астанада «Автоматика» деген тұрғын үй алабының бар екенін бұрын-сонды естімеппін. Сарыарқа ауданына қарасты мекенжайды іздеп қаланың маңын біраз шарладым. Байырғы ақмодалықтар болмаса, былайғы жұрт та көп білмейді. Естігендері қай жакта екенін нақты көрсете алмады. Астананың ең шеті деп жүрген аты шулы Лесозавод шағын ауданынан өтіп, Көкшетау бағытындағы күре жолдың бойымен біраз жүрген соң, өндірістік аймақтың (промна) арасынан жалғыз үй көрінді. Сұйық отын қоймалары орналасқан, құрылыс жүріп жатқан төңіректен әдейілеп карамаса, бұл жерде тұрғын үй барын ешкім байқамайды. Тас жолдың бойымен жүріп, солға бұрылған көлік ізімен сырты жасыл көк ғимаратқа жақындадым. Жалғыз 24-ші автобус қатынайды екен. Қара темірден құрастырылған аялдама да өбден тозған. Қираған, ескірген ғимараттар арасындағы бес қабатты үй сырттай қарағанда адам шошпырлықтай емес. Айдалада

мұны «қалай салған» деген сұрақ мазалайды. Бірақ жакындаған сайын көңілді күлазиды. Үйдін сырты ыстан ба, төбеден сорғалаған қар мен жанбыр суынан ба, қара кожалақ тарта бастаған.

БЕСІНШІ ҚАБАТТАН КҮЛ ШЫҒАРЫП, ОТЫН ТАСИДЫ

«Автоматика» ауылы кезінде сұйық отын қорын сақтайтын осы маңдағы бір кәсіпорынға тиесілі болыпты. Өткен ғасырдың 90-жылдарында мекеме тоқырауға ұшырап, жабылған. Жағдайы бары көшіп кеткен, қалғаны «Ақмола ел астанасы болады» деген жаңалыққа үміт артып, осы жерде тұрақтаған. Содан бері 22 жыл өтті. Жағдай жылдан-жылға нашарлап барады. Әркім әліне қарай, біреу үй ішіне пеш салып алса, енді бірі қыс бойы электр пешін қосып жан бағуда.

Көпқабатты үйде тұрады деген аты болмаса, жер үйден айырмашылығы жоқ. Тіпті одан да қиын. Тозығы жеткен подъезді жағалап жүргенде Сәдібек

(фамилиясын жазбауды өтінді) есімді азамат жолықты. Бесінші қабатта тұрады екен. 2000 жылдары Тараздан жайлы өмір іздеп Астанаға көшіп келіпті. Қаладан пәтер алуға қаржысы жетпей, осы жерден бір баспана бұйырған. Екі бөлмелі пәтерлің ас үйіне қазандық орнаттыпты. Бесінші қабаттан күл шығарып, күн сайын отын тасиды. Көмірді үнемдеу үшін арасында электр пешін қосады. Бірақ оның қуаты бетоннан салынған үйді жылытпайды. Балалары бүрсен қағып, қымтанып әлек. «Жанымыздағы ескірген бес үйді бұзып, былтыр бәрін көшірді. Біздің мәселеміз әлі шешілер емес. Бұрын қыстағы пеш жағудың машакатын айтсақ, қазір жазда да жағдайымыз қиындап барады. Үйлерің бәрібір бұзылады деген желеумен, қаладағы күл-қоқыстың бәрін осы маңға төгеді» деп Сәдібек іштегі шерін шығарды. Ауыз суды да тұрғындар өз күшімен тартқызған. Суық судың ішке кіріп тұрғанына да тәубе деп отыр. Екі-үш жылға дейін оны да сырттан тасып ішіпті.

(Жалғасы 4-бетте)

ЖЕДЕЛ СҰХБАТ

Сәрсенбі күнгі Мәжілістің жалпы отырысында «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жер қатынастарын реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы талқыланды. Екінші оқылымда қаралған құжатты төменгі палата мақұлдап, Сенатқа жолдады. Заң жобасында жерді жалға беру институтын жетілдіру мәселесінің қарастырылатыны көрсетілген. Ел-жұртты елең еткізген нормаға байланысты ауыл шаруашылығы министрінің орынбасары Ерлан Нысанбаевты сөзге тарттық.



Е.НЫСАНБАЕВ:

ҚОҒАМНЫҢ ПІКІРІ ЕСКЕРІЛЕДІ

— Ерлан Нұралыұлы, Мәжіліске таныстырылған заң жобасында 2016 жылғы халықтың наразылығы мен жер реформасы жөніндегі комиссиясының қорытындысында көрсетілген мәселелер қамтылды ма?

— Мәжілісте екінші оқылымда қаралған заң жобасының тұжырымдамасы былтырғы жер реформасы жөніндегі комиссияның қорытындысы негізінде дайындалып отыр. Өздеріңізге белгілі, Қазақстан Президенті 2021 жылдың 31 желтоқсанына дейін мораторий жариялады. Біз осы уақыт ішінде, яғни төрт жылда еліміздегі ауыл шаруашылығы жерінің топырақ құнарын, геоботаникалық жағдайын, барлығын жан-жақты зерттейміз. Алда ауқымды жұмыс күтіп тұр.

— Мәжіліс мақұлдаған құжатта жерді жалға беру институтын жетілдіру мүмкіндігі көзделіп отыр екен. Мораторий біткеннен кейін жер жалға беріле ме? Бұл қайтадан қоғамның наразылығын тудырмай ма?

— Осы мәселеге келгенде мұқият болуымыз қажет. Заң жобасында көрсетілген норма бойынша жер қазақстандықтар үшін жалға беріледі, бірақ жеке меншікке берілмейді. Ал шетелдіктердің жалға алуы туралы мәселе бұл құжатта қарастырылып отырған жоқ. Ал отандастарымызға жалға берудің өзі билік пен азаматтық қоғамның ортақ шешімінен кейін ғана белгілі болады. Сондықтан шатастырмау керек. Мораторий біткенше біз жерді жалға беру нормасын егжей-тегжейлі қараймыз. Оның ішінде қоғамның пікірі де ескеріледі. Аталған құжатта жердің жағдайынан бөлек, конкурстық ережелерді де пысықтап, жалға берудің талаптарын өзгертеміз. Жемқорлықтың жолын кесу, ашықтықты қамтамасыз ету барлығы осы нормаға кіргізілген.

— Жаңа заң жобасына сәйкес, «Жер қатынастарын реттеу туралы» заңына қанша өзгерту мен түзету енгізіледі?

— 24, 27, 34, 97, 101 баптар бойынша өзгертулер мен түзетулер болады. Бұл мәселе заңгерлермен, сарапшылармен талқыланды. Негізгі үш мәселе басты назарда. Жерді отандастарымызға жалға беру нормасын сақтап қалу, екінші жалға берілетін жердің мөлшерін шектеу, үшінші шекаралық аймақтағы ауыл шаруашылық мақсаттағы жерді пайдалануды реттеу.

Сұхбаттасқан Бейсен НАРЫНБЕК,
Астана қаласы



БИРЖАМЕТР



МҰНАЙ (brent)
64,91



DOLLAR
319,88



EURO
394,41

АЛТЫН (ун.)
1326,10



ЖАҚСЫДАН ҚАЛҒАН АСЫЛ СӨЗ

Қазақ әдебиеті қабырғалы қаламгерінен айырылды. Осы аптада Атырау жұрты рухы өр, мінезі ер, Жайықтай сырбаз ұлын соңғы сапарға шығарып салды. Махамбет сыйлығының иегері, Халықаралық Айтматов академиясының академигі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, драматург-жазушы Рақымжан Отарбаев 62 жасқа қараған шағында дүниеден озды. Бұл – қазақ өнері үшін ауыр қаза.

Былтыр күзде Атырауда Рақымжан ағамен туған жер, Атырауда кіндігі кесілген өр ұлдың тарихы, шежіресі туралы әңгімелескен едік. Қаламгердің арғы-бергі тарихты түгел қопарған емен-жарқын әңгімесін газет бетінде жариялаудың сәті – қара жамылған қазалы уақытта түскеніне, өзіміз де қынжылып отырмыз.

Рақымжан ағаның бізге айтқан сол сырлы әңгімесін өзінің сөз саптасын сақтап, беріп отырмыз.



ТУҒАН ЖЕР ДЕГЕН ҰЛЫ ҰҒЫМ

Жыл құстары болады: көктемде келеді, күзде қайтып кетеді. Мен осы ауылдың қарғасы сияқтымын, бағымда отырамын. Атырауда кіндігі кесілген азаматтардың бойындағы бір қасиеті – ашығын айтып, турасын сөйлейді. Бір қолында құшағы, бір қолында пышағы тұрмайды. Бетінді тырнап алады. Бірақ оның ар жағында кек жоқ, әппақ. Өтірік пен өсекке тіптен шорқақ. Оған көндікпен, Атыраудың сүйікті перзенті болып кетесін. Ал

ЖУСАН ИІСІН, АЛЫП АТЫРАБЫН АЯЛАҒАН

көндікпесен, өмір бойына өзінді жат сезінесің. Алматыда 20 жыл тұрып, елге келген кезде, мен де көндіге алмай жүрдім. Оңтүстіктің кендігіне, жұмсақтығына, биязы сөзіне үйреніп қалған. Мұнда жерсіне алмай «Әй, осы Атырауды-ай!» деп талай кіжінген кездерім болды. Бірақ осы жердің адамымын, перзентімін. Атырау жұрты – адал, таза, қасқа халық!

Туған жер деген ұлы ұғым ғой. Оның бүгінгісін айтсаң, ертеңгісі бар. Кешегісі ше? Біз қолымызға қалам алып, бірдеме жазып жүрген болсақ, осы өлкеде туып, осында қартайған шалдардан құлағымызға құйылып қалған әңгімелер. Ертедегі тарих. Ертедегі тарихты білмей, елдікті білмейсің.

Мен жастай тарихқа құмар болдым. Тарихшы емеспін, әдебиетшімін. Бірақ тарихты да біраз сүзіп шықтым. Ерте дүние тарихын. Қазақстан тарихын, оның ішінде батыс өңірдің тарихын зерттеп, оқып, шама-шарқымша індеттім.

(Жалғасы 6-бетте)

ҚЫЗЫҚСТАН
ҚЫЗЫҚТАРЫ

Қап,
камераға түсіп
бапты ғой



(Жалғасы 2-бетте)

БИЛІК

Осы аптада Елбасы Қауіпсіздік Кеңесінің отырысын өткізді. Алқалы жиында 2017–2020 жылдарға арналған Ұлттық қауіпсіздік стратегиясын іске асыру мәселелері, сондай-ақ Оңтүстік Қазақстан облысындағы қоғамдық-саяси және әлеуметтік-экономикалық ахуал қарастырылды.

Мемлекет басшысы былтыр қабылданған Ұлттық қауіпсіздік стратегиясы туындайтын қауіп пен сын-кәтерді анықтауға және оларға дер кезінде тойтарыс беру шарасын қолдануға мүмкіндік беретінін атап өтті.

ҚАУІПСІЗДІК ҚАМЫ

Қазақстан Президенті «Ел болғаннан кейін шаруа көп. Алдымызға қойған мақсат та жетерлік. Өркендеген 30 елдің қатарына қосылу үшін талай шаруа атқаруымыз қажет. Сан түрлі кедергіден өтіп, қиыншылықтарға төтеп беруге

күш салғанымыз абзал. Бағдарламаларымызға тиісті өзгеріс енгізіп отыруымыз керек. Былтыр біз ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында бағдарламалық құжат қабылдадық. Ұлттық қауіпсіздік қорғаныс пен ішкі саясатта ғана емес,

даму деңгейін көтеру, жана жұмыс орындарын ашу, инфрақұрылымды жетілдіру, сондай-ақ апатты жағдайдағы мектептерді қалпына келтіру, жана мектеп салу және өңірдегі діни экстремизмге қарсы іс-қимыл мәселелері талқыланды. Отырыс



сонымен қатар экономика, өскелең ұрпаққа тәрбие беру және басқа да салаларда қамтамасыз етілуі тиіс», — деді.

Бұдан бөлек, жиын барысында Оңтүстік Қазақстан облысының әлеуметтік-экономикалық

қорытындысы бойынша мемлекет басшысы орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы мекемелерге бірқатар нақты тапсырма берді.

(Өз тілшіміз)

АПТАНЫҢ АЙТАРЫ

84

Елімізде осынша мәшіт қаңырап бос тұр

16

млн теңге. Өткен жылы төркіленген контрафактілік тауардың құны

25

мың теңге. Көршісінің бетіне ыстық сорпа шашқан әйелге салынған айыппұл

Қызықстан қызықтары

САҚШЫДАН САҚ БОЛ!



Сенген сақшым сен болсаң, қорғағаныңа болайын. Қызылорда қаласында тәртіп сақшылары Руслан Барахатов есімді азаматтың көлігіне есірткі салып, жала жапқан еді. Алайда погон таққандардың жымжыскы ісі мектеп манындағы камераға жазылып қалған. Русланның әйелі Эльвира әлгі бейнежазбаны әлеуметтік желіге салып, басына қара бұлт үйірілген күйеуін жаладан құтқарып қалды. «Аққа құдай жак» деген рас. Оған қатысты қозғалған қылмыстық іс жабылып, айып тұрағына қойылған көлігін шығарып алады. Егер оқиға бейнебақылау камерасы жоқ жерде болса, Руслан себепсіз сотталып кете беретін еді. Бұл тәртіп сақтайтын құзырлы мекеме қызметкерлеріне деген тұрғындардың сенімін аяқтасты еткендей. Қызылорда облыстық ішкі істер департаментінің баспасөз қызметі осы оқиғаға байланысты толық ақпарат тергеуден кейін жарияланатынын хабарлады. Ал біреуге ор қазып, оған өзі түскен тәртіп сақшыларының ісі енді май шаммен қаралады.

7 сөз

Маңғыстаудағы мемлекеттік қызметте 402 орынға маман жоқ

Қалмұханбет ҚАСЫМОВ, Ішкі істер министрі:

«Ақтөбе облысының гидротехникалық құрылыстарында тасқын су зардабының алдын алу бойынша жоспар әзірленбеген. Ақмола облысында тек республикалық меншіктегі 15 гидротехникалық құрылыста алдын алу шарасы жоспарланып отыр. 68 коммуналдық және жекеменшік нысанда мұндай жоспар атымен жоқ. Солтүстік Қазақстанда да осыған ұқсас жағдай. Коммуналдық меншіктегі барлығы 17 гидротехникалық құрылыста қорғаныс шарасы ұйымдастырылмаған. Қарағанды облысында қазірдің өзінде Самарқан және Ынтымақ су қоймасында жиналған су көлемі 2017 жылғы көрсеткіштен асып отыр. Қар күрт өріп, су қарқыны күшейетін болса, ағыстан төмен орналасқан 44 елді мекенді су басу қаупі бар»

1+2

Бақытжан САҒЫНТАЕВ, Премьер-Министр:

«Жаңа бірде-бір әкім ішкі істер министрінің айтқанына құлақ аспады. Ол (министр – ред.) өз баяндамасында жұмыс кемшін жүргізіліп жатқан облыстарды атады. Ал барлық әкімдер өңірлерде жұмыс жақсы жүріп жатқанын баяндады. Жақсы болса, әңгіме жоқ. Бірақ көп жұмыс неге осы кезге дейін жасалып бітпеген? Иесіз гидротехникалық және басқа да құрылыстар бақылауға алынсын. Өткен жылдағыдай болмасын. Кінәліні іздеп, ең ақыры «дұрыс ақпар бермеді» деп, бар кінәні Қазгидрометке жаба салды. Ал сондағысы өздері бейқам жүрді, бұған ешкім назар аудармады. Жауапкершілікті де мойнына алмады»

Әңгіменің ашығы



Құмар АҚСАҚАЛОВ, Солтүстік Қазақстан облысының әкімі:

«Қалада (Петропавл – ред) бос жер жоқтың қасы. Инвесторларға жер таба алмадық. Бәрін 10 жыл бұрын сатып жіберген. Аукционсыз. Енді жер телімі тек ашық аукцион арқылы сатылуы керек. Жұрт демалатын орындарда жерді мүлдем сатуға болмайды. Бізде саябақта жерді үй тұрғызамыз деп сатып жіберген.

Әліпби

ӘЛІПБИДІҢ ЖАҢА НҰСҚАСЫ БЕКІТІЛДІ

Латын графикасына негізделген қазақ тілі
ӘЛШБИ

№	Жазылуы	Дыбысталуы	№	Жазылуы	Дыбысталуы
1	A a	[a]	17	Ŋ ŋ	[ŋ]
2	Á á	[ə]	18	O o	[o]
3	B b	[b]	19	Ó ó	[ø]
4	D d	[d]	20	P p	[p]
5	E e	[e]	21	Q q	[q]
6	F f	[f]	22	R r	[r]
7	G g	[g]	23	S s	[s]
8	Ġ ġ	[ɣ]	24	T t	[t]
9	H h	[x], [h]	25	U u	[ʏ]
10	I i	[i]	26	Ū ū	[y]
11	Ĭ ĭ	[ɪ], [ɨ]	27	V v	[v]
12	J j	[ʒ]	28	Y y	[ɣ]
13	K k	[k]	29	Ý ý	[y]
14	L l	[l]	30	Z z	[z]
15	M m	[m]	31	Sh sh	[ʃ]
16	N n	[n]	32	Ch ch	[tʃ]

Заң мен талап

ҚЫРҒЫЗ ДЕПУТАТЫНЫҢ ХИКАЯСЫ

Айырқалпақты ағайын өліндегі депутат Дәмірбек Асылбекұлы Алматы қаласы Алмалы аудандық сотының санкциясымен екі айға қамалды. Қырғызстан парламентінің мүшесі, елімізде «тауар контрабандасына қарсы» операция барысында ұсталды.

Депутатпен бірге қырғыздың тағы екі азаматы темір торға тоғытылды. Ұланбек Мүрәділов пен Шыңғыс Әбікіров «экономикалық контрабанда» және «трансұлттық ұйымдасқан топ, трансұлттық қылмыстық топты құру, басқару және оларға қатысу» баптары бойынша күдікті деп танылған. Дәмірбек Асылбекұлының парламенттегі «Қырғызстан» фракциясындағы әріптестері депутаттың ұсталғаны туралы ақпаратты «күтпеген



жағдай» деп бағалады. Дегенмен олар тергеу әділ жүргізіледі деген үмітте. Қырғыз сайттарында тараған ақпаратқа сәйкес, Жогорку Кенеш депутатының қос азаматтығы бар көрінеді. Алайда бұл әзірге расталмады.

Амандық БАТАЛОВ, Алматы облысының әкімі:

– Мен әкім болып тағайындалғалы осы мәселені жиі ойлаймын. Көршілерімізге теріні тиын-тебенге өткізіп, жөнелтіп жатқанын білемін. Өздеріңізге белгілі, Алматы облысында индустриалдық аймақтар салынған. Әрине, облысқа ет өңдейтін, тері өңдейтін зауыт қажет. Біз бұл мәселені шешеміз.



Сауалы

Аптаңның

Жауабы

– Алматы облысында 4 миллионнан астам қой бар. Бірақ ет және мал терісін өңдейтін кәсіпорын жоқ. Осы мәселені шешу жолы қарастырылып жатыр ма?

ҮШ БАЛА ЫСТАН ҰЛАНЫП ҚАЙТЫС БОЛДЫ

Ал 71 жастағы Наухан Ғалиева бұл үйде қырық жылдан бері тұрады. Қыс бойы электр пешін жағып шығатын кейуана ай сайын жарыққа 40 мың теңге төлейді. Бұл зейнеткердің қалтасына ауыртпалық түсіретіндіктен, екі мезгіл асын газ баллонының көмегімен дайындап ішеді. Ал пропан газын сатумен айналысатын мекеме бес қабатты үйге оны әкелуден бас тартады екен. Себебі көпқабатты үйге баллон кіргізу қауіпті. «Біз көрінген машинаға жүгіріп, қаладан газ баллонын әкеліп берші деп жалынамыз. 4-қабатта тұрамын. Осы жасқа келгенде қайдан көмір тасып жүремін»



Бұл үйдө



дейді мұның шаққан әжей. Әрдайым жанын шүберекке түйіп отырады. Себебі осыдан тура 8 жыл бұрын тұрғын үйде пештен ақау шығып, бір отбасынан үш адам өртеніп кеткен. Ал екі жыл бұрын үш бала ыстан уланып, о дүниелік болыпты.

Автоматика ауылындағы жалғыз үйде тек қариялар емес, жас отбасылар да бар. Мұрат пен Гүлмая есімді жас жұбайлар үйленгелі осы тауқыметті тартып келеді. Ата-анасы алып берген соң, енші алып бөлек шыққан жас отау от жаудың бейнетінен шаршалық

дейді. Әсіресе, екінші қабаттан үйдің төбесіне дейін тартылған түтін мұржасын апта сайын тазалаудың машақатын айтып! Балаларды мектепке, балабақшаға апару үшін Лесозаводқа катынайды. Желдің өтіндегі жалғыз тұрғын үйден жолға шығып, қалаға жету қиямет-қайым.

Бұл үйдегі тұрғындарды қинайтын тек жылу емес! Жаз басталса болды, жанбыр суы шұрық-тесік шатырдан төмен сорғалап, жөндеулі пәтердің астан-кестенін шығарады екен. Сарғайған қабырғалар мен салбыраған тұсқағаздар бұған дәлел. Тұрғындар осыдан 2 жыл бұрын өздері ақша жинап, шатырды

бір үйдегі 40 пәтерге бола ешкімнің сауда нүктесін ашуға құлқы жоқ. Ал бес қабатты нысанды қала басшылығы апатты деп таппаған. Сондықтан нысанды сүріп тастауға негіз жоқ. Бір қызығы, 22 жыл жылусыз, сусыз отырған баспананы тексерген комиссия «жылу құбырының 80 пайызы тозған» деген қорытынды жасапты. Баспана иелері бұған жағасын ұстап отыр. Пеш жағып отырған пәтерлердегі қандай құбырды есепке алғанын білмей аң-тан.

Елорда басшылығы бұл үйдің проблемасымен жақын таныс. Талай табалдырықты тоздырып,

Көмір жағады



жаматыпты. Бірақ қуанышы ұзаққа созылмаған. Ал жертелеге баруға батпадық. Айтуларында, кәріз құбыры жиі жарылып, нәжіс аралас лас су сыртқа ағып, айнала сасып кетеді. Қолқаны қабатын қолаңса иіс полбөзге кіре бергеннен-ақ мұнкіп тұр. Тұрғын үйдің айналасы, тіпті бірінші қабаттағы балконның асты да көмір қораға айналған. Ғимараттың қабырғасында жағалай мұржа.

«МАМОНТАР СЕКІЛДІ ҚАТЫП ҚАЛАТЫН ШЫҒАРМЫЗ»

Кешінде Автоматика ауылында 6 үй, балабақша мен азық-түлік дүкені болған. Тозығы жеткен екі қабатты 5 ғимарат сүріліп, баспана иелері былтыр қаладағы жаңа қонысқа көшіріліпті. Қалған тұрғындар қазір азық-түлікті де қаладан тасуға мәжбүр. Себебі

«мамонттар секілді қатып қалғанша ешкімге керек емеспіз бе?» деп ашына сөйлеген тұрғындарға қала әкімінің орынбасары бұл жолы тағы да үнде беріп құтылды. Сергей Хорошун тұрғындармен өткен жиында «Бұл бес қабатты тұрғын үй ДСК панелінен тұрғызылған.



Конструкциялар бойынша тұжырымдамаға сәйкес мәселе туындамады. Бірақ, Сіз өтініш айтып отырғандықтан, келесі аптада өзін шығып, аудандық әкімдік және тұрғын үй инспекциясымен барамын. Мәселені шешуге тырысамын», — деп сендірді. Оның да жаңалығын еститін боламыз. Әзірге Астана іргесіндегі Автоматиканың жағдайы осы.

Бейсен НАРЫНБЕК,

Астана

Суретті түсірген автор

Мәселе

Облыс орталығы Көкшетау қаласында да тоқсаныншы жылдары берекесі кеткен орталықтандырылған газбен жабдықтау жүйесінде кикілжің көп. Облыстық энергетика, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасының мәліметіне қарағанда, бүгінгі таңда Ақмола облысында 25 газ тарату компаниясы жұмыс істейді. Олардың 13-і Көкшетау, үшеуі Степногорск, біреуі Атбасар қалаларында. Ал 8 компания Астана қаласында тіркелген.

Осы 25 компанияның 10-ы Қазақстан Республикасы энергетика министрлігінде аккредиттеуден өткізілген. Оларға үкімет тарапынан бағасы арзандатылған газ

Елімізде табиғи газға бірыңғай баға бекітілуі тиіс! Мәжіліске «Монополия туралы» заң жобасын әкелген ұлттық экономика вице-министрін депутаттар қыспаққа алды. Өйткені, ай сайын коммуналдық тарифтердің шарықтағанын айтпағанда, баға әр өңірде – әр түрлі. Батыста газ арзан, оңтүстікте бірнеше есеге қымбат. Сондықтан, халық қалаушылары осы айырмашылықты дереу жоюды талап етіп отыр.

Газ бағасы Атырауда – 8 теңге, Оңтүстік Қазақстанда – 34 теңге болса, Көкшетауда «көгілдір отын» – 70, автогаз – 65 теңгеден сатылуда.

көрсеткішке жаңадан пайдалануға беріліп жатқан үйлерді қосса, көлемі әлдеқайда арта түсер еді. Ал мамандардың айтуына қарағанда, газ баллондарын екінші қабаттан жоғары пәтерлерде ұстауға мүлде болмайды. Алайда оған қарап жатқан ешкім жоқ. Тіпті төбесімен көк тіреген тоғызыншы

КӨГІЛДІР ОТЫННЫҢ КӨҢІЛСІЗ КИКІЛЖІҢІ

бөлініп тұрады. Осы он компания арзан бағамен алған газын аккредитациялары жоқ компанияларға, сондай-ақ тұрғындарға үстеме баға қосып сатады да, жай жатқан батпан құйрыққа, яки байлыққа белшесінен батады. Астаналық компаниялар газ баллонмен күнелтіп отырған Көкшетаудың көпқабатты үйлерін орталықтандырылған газбен жабдықтауға мүлдем ынталы емес. Өйткені өздеріне бөлінген арзандатылған газдан ақша жасап отырғанда, оны қайтсін. 25 газ таратушы компанияның 22-і осы бір маңызды шаруадан ат-тонын ала қашып отыр. Енді қалған үш компания мен облыста есепте тұрған 436 газ тарату қондырғысын желеп жөндеп, іске қосу мүмкін емес. Облыста ай сайын жоғарыдағы компаниялар 4500-4990 тонна сығымдалған газ сатады. Осы газдың шамамен 1550 тоннасы газ баллондарына құйылады. 1000-1050 тоннасы – жанар-жағармай стансаларында сатылатын автогаз. Осынышама газдың бар болғаны 260 тоннасы ғана көпқабатты үйлердегі топтық-резервуарлық қондырғыларға құйылады екен. Осы бір цифрдың өзі-ақ қала тұрғындарының басым көпшілігі әлі күнге дейін газ баллондарын пайдаланып отырғанын көрсетеді.

Шындығында, мұның өзі өте қауіпті жай. 2013-2017 жылдары облыста газ баллоны жарылған жеті оқиға тіркелген. Осы бір оқыс оқиғалар кезінде 13 адам жараланып, үш адам қаза тауыпты. Қазір де Көкшетаудың көпшілік үйлері газ баллондары қашан жарылады екен деп, иненің үстінде тұрғандай әсерде. Басқа амал жоқ. Орталықтандырылған газ жүйесінің қашан тартылатындығы әзірге белгісіз. Рас, мардымсыз ғана жұмыс жүргізіліп жатыр. Бірақ оның өзі тым баяу. 70 қондырғысы бар Шучинск, 20-дан сәл ғана астам қондырғысы бар Атбасар мен Ақкөл, Степногорск пен Макинск және Есіл қалаларында мұндай жұмыстардың ізі де жоқ. Топтық газ тарату қондырғыларының басым көпшілігі Көкшетау қаласында. Облыс бойынша есепте тұрған 436 қондырғының небары 54 пайызы.

«КөкшетауТрансГаз» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі басшысының мәлімдеуіне қарағанда, орталықтандырылған газ жүйесін тартудың машақаты көп. 21 көпқабатты үйдегі пәтерлерге газ жабдықтарын орнату үшін ішіне ену мүмкіндігі жоқ. Кейбір пәтерлер мүлде жабық. Кейбіреулері жұмысшыларды пәтеріне кіргізбейді. Осындай келенсіздіктің салдарынан екі жүздей пәтер орталықтандырылған газ жүйесіне қосылмай отыр.

Облыста тұрмыстық қажеттілік үшін айына орта есеппен 150 мың газ баллоны құйылады. Көкшетау қаласының өзінде ғана көпқабатты үйлерде тұратын 227 мың адам газ баллондарын пайдалануда. Бұл



қабатта да газ баллондарын пайдаланып жатыр. Газ таратушы компанияның 17-і осындай газ баллондарын сатумен айналысады. Оның 9-ы ғана техникалық жағдайды тексеріп отыруға рұқсат алған. Қалған сегізінші мүлдем жұмысы жоқ. Оларға газ баллондарын оңды-солды сатып, пайда тапса болғаны. Көкшетау қаласының өзінде бірыңғай апат қызметі жұмыс істемейді. Мұндай қызмет тек «Газ Қызмет» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде ғана бар. Оның өзі қызмет көрсететін кәсіпорын ұйымдарының апатты жағдайларына ғана жауап береді. Осының өзі-ақ қауіптің құлағы қылтып тұрғанын көрсетпей ме? Бұрынғы төрттіптің адыра қалғаны соншалықты, газ плиталары мен су жылытатын колонкаларға профилактикалық жұмыс та жүргізілмейді. Мұндай шаралар жылына бір рет атқарылып тұруы тиіс.

Қазіргі уақытта осы салаға жауапты орындар газ таратушы қондырғыларды қайтадан қалпына келтіру үшін алақандарын жайып, бюджеттен қаржы сұрауды да қойған. Мұндай келенсіздікке коммуналдық шаруашылық саласы басшыларының жиі ауысатыны себеп.

Жекешелендірудің екінші кезеңіне байланысты газтольдерлер тиісті құжаттамалары дайын болғаннан кейін сенімді басқаруға берілмекші. Бірақ бұл арада да біраз қиындық бар. Көпшілігі меншіктің қай түріне жататындығы белгісіз, анықталмаған. Қысқаша айтқанда, тиісті құжаттары мүлде жоқ.

— Қазір бұл жұмыстардың бәрін қайта қолға алып жатырмыз. Бүгінгі күнге дейін 41 конкурсу толық әзірлеп қойдық. Таяуда конкурс өткізілмекші, — дейді Көкшетау қаласы әкімінің орынбасары Иван Юрченко.

Облыс орталығында газбен жабдықтау жүйесін қайтадан қалпына келтіру жұмыстары тек 2013 жылы ғана қолға алынған. Сол кезде облыстық әкімдіктің қолдауымен үш жылдық бағдарлама түзіліп, осы мақсатқа 738,8 миллион теңге қаржы бөлінген. Бұл қаржының 129,5 миллион теңгесі арнайы бюджеттен қарастырылса, 62903 миллион теңгесі — газ таратушы компаниялардың қаржысы. Өкінішке қарай, осы қыруар қаржы тиімді пайдаланылды деп айта алмас едік. Оған себеп — бағдарлама әкімшілері энергетика, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасы мен Көкшетау қаласы әкімдігі тарапынан тиісті бақылау болмай отыр. Мәселен, газ тарату қондырғыларын жөндеуге жобалық-сметалық құжаттар жасалмады. Жап-жақсы бағдарламаның орындалмауы себепті облыс орталығындағы 235 газ таратушы қондырғы қайта қалпына келтірілген жоқ. Осындай келенсіздіктің нәтижесінде 598 көпқабатты тұрғын үй орталықтандырылған газдан қағылды.

Көптеген газ таратушы компаниялардың өздері де орталықтандырылған жүйеге көшуге ниетті емес. Оларға газды баллондарға құйып сатқан әлдеқайда тиімді. Қалтасының қамын ойлаған кәсіпкерлер қарапайым халықтың қатерге басын тігіп отырғанын қайтсін.

Байкал БАЙӘДІЛОВ,

Ақмола облысы

Қазақ REALISM

2015 ЖЫЛ: ЖЫЛ СОҢЫНА ДЕЙІН ТУРИЗМДІ ДАМУҒА ҚОЙЫЛАДЫ!

2016 ЖЫЛ: БИЫЛ ТУРИЗМДІ ӨРКЕНДЕТЕМІЗ!

2017 ЖЫЛ: ТУРИЗМ ҚАЛАМЫЗДЫҢ КҮРЕТАМЫРЫ. ТУРИЗМДІ КҮШЕЙТЕМІЗ!

2018 ЖЫЛ: ТУРИЗМДІ ДАМУҒА БИЫЛҒЫ ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ МАҚСАТЫ!

Тұрғын:

ЖЫЛДА АЙТАТЫНЫ ОСЫ. ТУРИЗМ ҚАШАН ДАМИДЫ?

Мірдің оғы



Бердібек САПАРБАЕВ,
Ақтөбе облысының әкімі:

«Ауылға барсаң еңгезердей, он екі мүшесі сау азаматтар жұмыс жоқ деп жатады. Жұмыс бар, адамдар ерінеді. Мал бағуға болады. Ал олар «мал бақпаймын, мұнайшы болуым керек» — дейді. Ата-бабамыз бізге мұнайшы бол деді ме? Қазақ 100 жыл бұрын мұнайшы болған жоқ. Қазіргі заманда жалқаулық белең алды. Кейбір жігіттер әке-шешесінің зейнетақысына, өйелінің жәрдемақысына өмір сүріп жүр. Соған кейбірі мәз болды. Әкем тағы 10 жыл жүрсө, өйелім көбірек бала тұса деп айтады. Ол не деген сұмдық!»

Емен-жарқын әңгіме



жопыз ба? Әлде талғамымыз төмен бе, композиторларымыздың деңгейі осы ма? **К.Құрманәлі:** Баяғыда өнер адамы болу өте қиын еді. Кез келген адамның қолынан келе бермейтін. Өнер — арғы тектен жалғасатын, ата мен бабадан, қанмен берілетін қасиет. Тума талант та болады. Біз

Қазақ өн өнеріндегі мәңгілік есімнің бірі — Шәмші Қалдаяқов. Ол мәңгілік есім. Ал қазіргі өн жазып жүргендер кімдер? Олар жазған өндер қаншалық өміршең? Жалпы, қазақ өн өнеріндегі бүгінгі буынның кісілігі мен кішілігі қай деңгейде? Сахна мәдениеті деген не? Осы сұрақтардың жауабын білу үшін белгілі композитор, Шәмші өндерінің жанашыры Қалдыбек Құрманәліні әңгімеге тартқан едік.

Жас қазақ: Осыдан 4-5 жыл бұрын қарашанырақтың отын өшірмеймін деп Шымкентке көшіп кетіп едіңіз. Соңғы кездері Алматыдағы жиын-тойлардан көп көріп жүрміз. «Ән-Алматыңызға» қайтадан қоныс аударған жоқсыз ба?

Нұрғиса Тілендиев, Әбілахат Еспаев, Шәмші Қалдаяқов, Лия Жаканов, Әсет Бейсеуовтердің өндерін естіп өстік. Ол кездегі әннің мәні мен сәні болатын. Қазіргі әнді ән деп айтудың өзі ұят. Ән дегеніміз — ұлтты тәрбиелейтін рухани байлық. Отансүйгіштікке, мемлекетті, ата-ананы



«ШӘМШІНІҢ, ӘНІ» ТӨРЕҒАЛИСЫЗ ДА ӨТЕДІ

Жас қазақ: Сахна мәдениеті дегеннен шығады. Төреғали Төрәәлі Павлодардағы концертінде өзгеше «концерт» қойды. Сіз де

Қалдыбек ҚҰРМАНӘЛІ:

ТАЛАНТСЫЗДЫ ЕСІКТЕН ҚУСАҢ,

К.Құрманәлі: Алматыға 1983 жылы 15 маусымда келтем. Арада 30 жыл 2 күн өткеннен кейін туған ауылымға қайта көштім. Оңтүстік Қазақстан облысы Бөйдібек ауданындағы Тасқұдық деген өзімнің кіндік қаным тамған ауылымға көшіп барып, қарашанырақтың отын өшірмейін деп, қайтадан жана үй салдым. Алматының маған, менің Алматыға өкпем жоқ. Алматыға Арыстанбектің баласы болып келіп, қазақтың Қалдыбегіне айналдым. Тәубе деймін. Қаладағыдай жайлы тұрмысты ауылда да жасауға болатынын дәлелдедім.

Мен көшіп барғанда 63 үй ғана болатын. Содан бергі 4 жылда 16 үй қосылды. 2013 жылы аядай ауылда екі қабатты мектеп, спортзалымен бірге салынды. 2017 жылы фельшерлік-амбулаториялық тірек (*ФАТ*) салынды. Сонымен қатар ауылдан шыққан кәсіпкер Сағдат Тұрлыбеков бауырымыз өз қаражатына спорт алаңын салып берді. Мұхтар Шаханов қайда жүрсе де, мемлекеттік тіл туралы айтады. Мен «Қарашанырақты» айтудан шаршамаймын. Мысалы, бір баласы бар адамға кіно таға алмаймын. Ал 7-8, тіпті 10 баласы бар аламдардың тым болмаса біреуі қарашанырақта қалуына болады ғой. Мен де осыдан 4-5 жыл бұрын ойлана келе ауылға көшулі жөн көргем. Мені көріп, көшіп кеткен жұрт қайтадан орала бастады.

Жас қазақ: Қарашанырақтың отын өшірмей отырғаныңыз жақсы-ақ! Дегенмен ауылға әр кіргізудің әртүрлі амалы болмаушы ма еді?

К.Құрманәлі: Ауылым күннен-күнге көркейіп жатыр. Тасқұдық — Жібек жолының бойында орналасқан тарихи қоныс. Баяғы Жібек жолының бойымен жүрген сауда керуендері тоқтап, су ішіп, демалатын қасиетті жер болған. Ауылда 1500 гектар жер 30 жылдан бері сұғарылмаған. Шаян өзенінің бастау алатын тұсында Қапшағай деген су қоймасы бар, бірақ жазда табаны тартылып қалады. Кеңес одағы кезінде мақтанды, жүгеріден рекорд берген ауыл. Қазір жайылым ғана. Сол кездегі аудан әкімі Әбдімүтеліп Көбеев пен ауыл әкімі Күмісбек Ахметовке ауылға су қойма салу туралы ұсыныс айтқан болатынымыз. Бұл ұсынысымыз облыс әкімі Асқар Мырзахметовтен де қолдау тауып, облыстық бюджеттен 1 миллиард теңгеге жуық қаржы бөлініп, бытырт 3 миллион текше метр су қоймасы салынды. Ол жерге көкөніс, жеміс-жидек, жүзім, алма тағы басқа да дақыл егуге дайындық жүріп жатыр. Сол су қоймасы ел игілігінің қажетіне жарағалы тұр. Енді Тасқұдыққа мәдениет үйі ғана жетпей тұр. Негізгі мақсатым — кіндік қаным тамған туған ауылымды көркейту.

«КОНЦЕРТКЕ ШОРТИ КИІП КЕЛЕТІНДЕР БАР»

Жас қазақ: Өнер туралы негізгі әңгімемізге оралайық. Композитор болған соң, өн туралы сұрақтың реті келіп тұрған сияқты. Қазір «Шымкенттің қыздары зын-зын», «Десен, ия», «Жоқ, жоқ», «Иә ма, иә ма» деген сияқты түсініксіз өндер қаптап кетті. Бұған мұндайды өтпелі кезеннің туындысы деп көңіл жұбатуды едік. Сол кезеннен әлі өтіп болған

жақсы көруге баулиды. Қазір жастар ғаламтордан шетелде қандай жана ән шықса, сол күні-ақ оны көріп, үйрене қояды. Жасырып қайтөміз, осы күні қазақ өнері, қазақ мәдениеті үшін жұмыс істеп жатқан ешкім жоқ. Шетелдің өнін қазақшалап айтып жүрген жұлдызсымақтардікі күнкөрістің қамы. Сондықтан да шетелдің өтіміді, мықты деген өндерін көшіріп алады. Немесе сол стильде өзінше ән жазды. Ана өннің бір нотасын, мына өннің қайырмасын алып, Мұхтар Шахановша айтқанша, «мордиясы» қазақша бірдеме шығарады. Содан күреп тұрып ақша табады. Жалпы, шоу-бизнесе жүргендердің жағдайы жаман емес. Ақша алдыға шыққан жерде рухани құндылық «автоматты» кейінге сырғылып қалады.

Жас қазақ: Сонда бұл үрдіс әншілерді қайда апарады? «Мордиясына» жағ өн өзін де, бізді де жарымжан қылмай ма?

К.Құрманәлі: Бұл рухани мүгедектікке апарады. Кешегі Бибігүл Төлегенова, Нұрғали Нүсіпжанов, Макпал Жүнісова, Роза Рымбаева сияқты «алтын дауыс» сиреп баралды. Барлығы компьютердің күшімен әнші болып жүр. Баяғыда «аузы қисық болса да, бай баласы сөйлесін» деуші еді, қазір дауысы жоқ болса да, қалтасы қалын адам әнші. Олардың өнінің сапасы қанша төмен болғанымен, таралымы көп. Мұхтар Шаханов айтатын, Гитлерден «Совет одағын жаулап алсақ, қандай саясат жүргіземіз?» — деп сұрапты айналасындағылар. Сонда Гиткен «Таннан қара кешке дейін жеңіл ән тыңдатып, ессіз әуен айтқыза беру керек» — деген екен. Халық рухын оятатын, жалын жанғыртатын ұлттық шығарма тыңдауға, тіпті ойлауға мұршасы болмаса, ондай халық ұлтының қамын жеп, тандырын талқыға сала алмайды. Рухани мүгедекке айналды.

Ал немістің рухын көтеріп, соғыс бастап жіберу үшін оларға әдейі қауіпсіздік комитеті неміс композиторларына марш жаздырған. Нәзіктікке емес, ұлтшыл, жігерлі болуға тәрбиелеген. Ол бізде дайын. Күй бар. Қазақты рухани жанғыртатын күй өнерінен артық өнер жоқ.

Жас қазақ: Бұрын сахна мәдениеті, радио-телеарналарда «көркемдік кеңес» деген болушы еді. Содан шығар, бұрынғы өн сапалы, есті болды.

К.Құрманәлі: Иә, бұрын «Көркемдік кеңес» деген мекеме болған. Цензураға еш қатысы жоқ. Сол «Көркемдік кеңестен» өтіп, бізге жеткен өндердің авторлары — Н.Тілендиев, Ә.Еспаев. Мәңгілік өндер. «Көркемдік кеңес» өнінің мәніне, әуеніне, жалпы құрылымына қарайды. Тіпті тақырыптары да бір-бірі қайталамайды. Талғамы биік, жауапкершілігі жоғары мамандар сол кеңесте отыратын. Қазір сол жүйенің болмауынан бүгінгі күйге жеттік. Сондай қатаң талапқа қайта орала алмай жатырмыз. Егер, мәдениет пен ақпарат министрлігі біркесе (*мәдениет және спорт министрлігі, ақпарат және коммуникация министрлігі — ред*), бұрынғы жүйе қалыпқа келер еді. «Көркемдік кеңестен» өткен шығарма ғана эфирден көрсетілетін заң қабылданса деймін.

Негізгі талантты адамдар өмір сүруге бейімсіз келеді. Олар тасада жүреді. Ал ортақолдарды есіктен қусан, тесіктен кіреді. Тесікті жапсаң,

тағы бір жерден басын сұғып тұрады. Ол өмірдің заңы.

Өнерге талғам мен талап та қажет. Мысалы, сіз скеуіміз мейрамханаға бардық делік. Дашық кешегі тамақты әкеліп берсе немесе ас пішік болса, ұланып қалуыңыз мүмкін ғой. Ондай жағдайда не істейсіз? Тамақты қайтарып жібересіз. Астан ұланған сияқты, біз де өнмен рухани ұланып жатырмыз. Ұлаған адамды жауапқа тартып, өз қалауымызды талап етуіміз керек. Тағы бір шығар жол — жанды дауыста ән айту. Қазір жанды дауыста ән айта алатын әншілеріміз бар. Аз емес. Қазақ барда талант та үзілмейді, туыла береді. Ақшасы жоқ, бірақ даусы керемет үнші ақша үшін жеңіл-желпі ән айтып, соған үйреніп кетуі мүмкін. Сөйтіп, өзін жоғалтады. Ал ортақол әнші болады, бірақ қалталы демеушісі бар. Ол анау таланттан шүу дегеннен-ақ оза шабады. Оны халық та көбірек таниды. Бұрын біз әншілерді — сахна әншісі және мейрамхана әншісі деп бөліп қарайтынбыз. Бүгінде әншілер шетінен әмбебап болып кетті. Біздің мәдениетімізге керекті нағыз сахнаның сардарын тәрбиелеу. Ал тойдың әншілері сахна деңгейіндегі дәрежеде болмауы керек. Ең әуелі сахна мәдениетін сақтағанымыз абзал.

Концертке келудің де өзіндік этикасы бар. Қазір одан да айырылып қалдық. Концертке көшеде шемішке шағып жүріп те келе береміз. Аяғына сүйретпек, бұғына шорты киіп кіре береміз. Бұрын өнер адамын көріп қалсақ, аспандағы жұлдызға қолымыз жеткендей қуанушы едік! Қазір олай емес. Әншіден қадір қашқан.

Белгілі, атакты әншілерден «Мемлекет жақсы айлық берсе, тойға, құдалыққа бармайтын ба еліңіз?» — деп сұрадым. — Әрине, бармайтын едік. Бізді той қуып жүр деп ойлайды. Шын мәнінде, оның да қиындығы бар. Біреуі ақшасын дұрыс берсе, біреуі бермейді. Тағы біреулері қызып қалып, әңгіме айтқысы келеді. Алуан түрлі адамды жолықтырасыз тойдан» — дейді. Бірақ ешқайсысының тойдан кеткісі жоқ.

«ШӘМШІНІҢ, ӘНІ» ТӨРЕҒАЛИСЫЗ ДА ӨТЕДІ

Жас қазақ: Сахна мәдениеті дегеннен шығады. Төреғали Төрәәлі Павлодардағы концертінде өзгеше «концерт» қойды. Сіз де



ТЕСІКТЕН КІРЕДІ

өнер адамысыз. Мұндай «денгейге» жап-жас әнші қалай жетті?

К.Құрманәлі: Бір телеарнаның журналисі маған «Төреғалиді жақтап жатқандар бар, сіз де қорғайсыз ба?» — деген сұрақ қойды. Ол менің не жақтайтынымды, не даттайтынымды білмей тұр. Мен Төреғалиды ақтады дегендерге күмәнмен қараймын. Мысалы, Жарас бауырым, әкеңізді Төреғали залдан қуып шыққан сол қарияның орнына қойып көріңізші. Билет алып, концерт көрейін деп барды. Ал өнші болса, әкеңізді қуып жіберді дейік. Не істейтін еліңіз? Тұмсығын бұзып, жұрттың алдында тепкілеп тастайсыз.

Ал ойы тазі біреулер Төреғалидың жағына шыққысы келеді.

Өнші де пенде. Бірақ мынау кешірілмейтін қателік. Ал Төреғалидікі маскара. Ол өзі концерт беріп отыр. Концертке келген әрбір адам — тұтынушы. Оның зан алдында да, адамгершілік алдында да концертті көруге, «суретке түстей ән айт» деп айтуға да құқығы бар. Бұл есіру.

Жас қазақ: Төреғалиды Шәмшінің өндеріне шақырдыңыз ба?

К.Құрманәлі: Жұрт «Сен Шәмшінің өніне неге жас әншілерді қатыстырмайсың?» —

ÖMİR-ÖNER

www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

дейді. Мен әншілерге екі ай бұрын ескертемін. Ал қазір ана құрсағынан кеше ғана туылған жап-жас өншінің бір өзінде 4 директор бар. Олар сағыздай созылып екі апта жүреді. Мінез көрсетпеуге барынша тырысамын. «Қатысамыз» — деген сөзін әрең береді. Біз телеарнаға, жарнамаға айтып, келісеміз. Мұндай жағдай Төреғалимен де болды. Ол біздің концертке қатысатынын айтты. Жарнама қағаздарын шығарып қойғанбыз. Бір күні Төреғалиым хабарласып «Шәмшінің кешіне бара алмаймын, Қытайда концертім бар еді» — деп тұр. Концерттен 1 күн бұрын «Қытайға кетемін» — деген адамым Астанада жүр. Мені көре салып «Қалдыбек аға, біз Қытайға бармайтын болдық» — деп ақталып жатыр. «Бармайтыныды білгенмін. «Шәмшінің өні» сенсіз де өтеді» — делім. Ал жұрт мені «Қалдыбектің өзінің өншілері бар» — деп сыртымнан өзінше түспал жасайды.

Кайрат Нұртасқа ән ұсындық. Оның әке-шешесіне, өзіне де өкпелей алмаймын. Ол бірден «Қалдыбек аға, бос күнім мынау, ал қалған күндері уақыт жоқ» — деп ашық айтты. Шынықты айтып тұрғаны үшін ренжи алмаймын. Ал уәдеден таятынларды кешіре алмаймын. Біреу көбірек ақша берсе, сөзінен тайып, Шәмшіні «ұмыта» салатындарды енді Шәмшінің кешіне шақырмаймын. Жуырда өткен Алтынбек Қоразбаевтың концертінде де Төреғали Мөлдір Әуелбекова екеуі қосылып ән айтатын болған екен. Жарнамасында жүр. Бірақ келмеді. Алтынбек көкем ренжіді.

Жас қазақ: «Зын-зын-зын» әншілер, Ninety оне сияқты сыраға тағып, жұлым-жұлым киінген жігіттер «Шәмшінің өнін» айтамыз десе, концертке қатыстырасыз ба?

К.Құрманәлі: Жоқ, оларды маңына жуытпаймын! Ең бірінші кезекте сахна мәдениетін қатты қалағалдаймын. Қазір бірыңғай қыздардан немесе жігіттерден тұратын топтардың денсаулығына күмәнмен қараймын. Ең әуелі музыкадан сауатты болу керек. «Квитет» — бес адам бірігіп ән айталы, бес дауыста. «Квартет» — төрт дауыс, трио —

па? Шәмшінің өнінен қанша ақша тауып жүрсіз?

К.Құрманәлі: Бұрын мұндай сұрақ қойылмайтын. «Айналайын, Қалдыбек, сен Шәмшінің өнін аскақтатып жүрсін. Рахмет!» — дейтін үлкендер. Жастар Шәмшінің өнін айтуға өздері сұранатын. Ал қазір рухани байлықтан гөрі, материалдық байлық бірінші орынға шығып кеткен.

1992 жылы Шәмшінің ең алғашқы кешін өткіздім. Шөкене арнап «Ән аға» немесе «Шәмшімен сырласу» деген ән жаздым. Оған дейін Фариза Оңғарсынова, Мұхтар Шаханов, Исрайыл Сапарбайдың кештерін өткізем. «Жігіт сұлтаны» байқауын да алғаш рет мен ұйымдастырдым. Жөнімпазға жеңіл көлік сыйладым. Шәмшіге дейін де көсіпкер болғанмын.

«Ән аға» деген әнім шыққан соң жұрт сұрақ қоя бастады. «Сен ылғи әркімнің кештерін өткізіп жүресің. Шәмшіге арнап керемет ән жазысың. Енді Қалдаяқтың жеке кешін өткізбейсің бе?» — делі. Шәмші Қалдаяқовтың қайтыс болған жылы еді. Шөкен төрт жылда бір келетін, 1992 жылдың 29 ақпанда қайтты ғой. Әнім де сол күні туған. Алғашқы концертті солай өткіздім.

2000 жылы 25 енді қайтадан өңдеп жаздырдым. Үш бөлмелі пәтер аламыз ба деген 15 мың доллар ақшам бар еді. Ол кезде 3 бөлмелі пәтердің бағасы солай болатын. Концертке жаратып жібердім. Содан бері жыл сайын 29 қыркүйекте тұрақты түрде Шәмші Қалдаяқтың өн кеші өтіп тұрады. Концертке салған 15 мың долларды шығарып алдым. Бірақ пәтер аяқасты қымбаттап кетті де, 15 мың долларға үш бөлмелі үй емес, бір бөлмелі жатахана ғана келетін болды. Үйден қағылғанмен, өзіме бітпейтін жұмыс тауып алдым. Елдің қаңқу сөздерінен шаршап «Осы менікі не сор: Шәмшінің өндерін өткізбей-ақ қояйыншы» — деген күндерім болған. Бірақ үлкен кісілер «Шәмшінің 100 жылдығына дейін бұл жобаны тоқтатпаймын. Шәмшінің ғасырлық мерейтойын 2030 жылы ЮНЕСКО деңгейінде өткіземін» — деп уәде бергенсін. Сол сөзінде тұр!» — деп қамшылайды. Мен де айтқандар айта берсін деп, белімді бекем бұып келемін. Шәмші мемлекетіміздің

қазіргі өнұранын 26 жасында жазыпты. Мен де «Ән аға»-ны 26 жасымда жазыппын. Сәйкестікке қараңыз! Бұл да менің Шәмшіге байланып қалған темірқазығымның бір сыры шығар деп ойлаймын. Ал бастаған жұмысымды жарты жолда тастап кетсем, жұрт не дейді?

Жас қазақ: Не деуші еді: Қалдыбектің қалтасы қалындаған соң, Шәмші қажет болмай қалды — дейтін шығар?

К.Құрманәлі: Әрине, Шәмшіні керек кезінде пайдаланды деуші еді. Бірақ мен олай жасай алмаймын. Қазір Республика сарайын жалға алудың құны — 5 млн теңге. Тым қымбат. Сонан соң ешбір өнші тегіннен-тегін келмейді. Шәмшінің атын малданып, тегін кел деп айтуыма болар еді. Бірақ арым жібермейді. Құқығым да жоқ. Жарнама жағын қосыңыз. Қасымдағы жұмыс істейтін қыз-жігіттердің еңбекақысын қосыңыз. Міне, осындай шығындарды қосқанда, концерт өзін-өзі жапса, соған шүкір! Артық ақша түсіп жатса, Шәмші туралы кітап, ұнтаспа шығарамыз. Әр концертте үнемі «Менің бас демеушім — Алла. Сосын халық — сіздерсіздер!» — деп айтамын. Ол рас.

Міндетсініп отырған жоқпын, бірақ қазір жасаған жұмысына алғыс айтатын алам аз. Рахмет айтпай-ақ қойсын, артымнан сөйлеп кетпесе екен деймін. «Тамашадан» талай тартан тұдырған Лұқпан Есенов қой. Қанша өнер адамы сол «Тамашаның» арқасында «Халық әртісі» атағын алды. Бірақ Лұқпан Есеновтың өзі «Халық әртісі» атағын ала алмай өмірден өтіп кетті. Ал Жүрсін Ерман айтыскер ақындардың алдына отыз шақты теміркөлік мінгізді. Ол да әр демеушіге барып,

алақанын жайып, беделін салады. Мен де сондаймын. Шәмшінің кешінен соң менен ақша сұрайтындап бар. Осы жұртты түсінбей-ақ қойдым.

Шәмшінің кешін өткізбей-ақ қойсам ба екен деп ойлаған күні жарықтық Шөкен түсіме кіреді. Ашуланып жатады. Ел алдында уәде бердім бе, онда Шөкеннің 100 жылдығына дейін мұны тастамаймын. Балақтан тартқысы келіп, артымнан сөз айтатындар да мені тоқтата алмайды. Уәде бердім, орындаймын!

Жас қазақ: Концерт беруден өзге Шәмшіге байланысты қандай жобаныз бар?

К.Құрманәлі: Шәмші жайында кітап дайындап жатырмын. «Шыңдық пен дақпырт» деп аталады. Бүгінде халық арасында Шөкен туралы алуан түрлі әңгіме айтылып жүр. Шыңдық қайсы, жалғаны қайсы — айырып білмейсің. Кейбіреулер жеке өміріне дейін тиісіп жатады. Соны дәлдеп, қамтылап, нағыз өнер адамы екенін көрсету мақсатында осы кітапты қолға алдым.

Әңгімелескен
Жарас КЕМЕЛЖАН



www.jasqazaq.kz

АЙТÓВЕЛ

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

Жақсыдан қалған асыл сөз

(Басы 1-бетте)

БЕЙБАРЫС ТА ЖАЙЫҚТА ТУҒАН

Бейбарыс осы Жайық өңірінде туған. Әкесінің аты — Жамакхан. Шешесінің аты — Әйек. Тарихта солай жазылған. Монғол шапқыншылығына ұшырап, ауылдағы жас балалардың бәрі қолға түседі. Көрі-құртанды монғолдар қырды-қырмады — оған куә жоқ. Бірақ жас күшті, жас қанды итальян саудагеріне сатады. Ол саудагердің де аты-жөні бар. Бейбарысты, Қалауымды, сол сияқты қыпшақ балаларын алып, Каирға тап болды. Сонда «Мәмлүк» деген үлкен әскер құрды. Ол жерде жалғыз қыпшақтар болған жоқ, аландар да, осетиндер де, грузин, армияндар да болды. Бірақ араб патшаларын күзететін ең сенімді мәмлүк — қыпшақтар ғана болған. Әйтпесе, құл боп барған Бейбарыс сұлтан болып ел билемес еді.

мүйізді ою бізде болған жоқ. Әлі де жоқ. Бұл — қыпшақтардан, сенің бабаларыңнан қалған», — деді. Каирда 30 миллион халық тұрады. 1,5 миллионы Өлі қаласында. Өлі қала деген не? Өлі қала — зираттар. Онда Ақсұңқар, Карасұңқар, Ақтай, Қонқабай, Тұманбай және қыпшақтың екі сұлтаны — Қорықпас пен Қашпас жатыр. Қорықпас пен Қашпас он екі ата Байұлының ішінде Беріш пен шеркеші. Картасында солай деп жазылған, алып келдім. 300 жыл ел билепті. Олардан кейін 41 жыл ел басқарған Қайтпай сұлтанның Александрия қаласындағы қамалы, сәулет өнері, егіншілікке халықты қалай баулығаны, тегін монша ашқаны — мұның бәрі әлі күнге дейін ұмыт болмаған аңыз бен ақиқат.

ортасында атақты Шалкиіздің, Доспамбеттің, қарға бойлы Қазтуғанның өткенін білесіздер. Жалаугер жыр солардан басталды. Сол жыр Махамбетке келіп соқты. Абай өмір бойы махаббатты жырлады, Махамбет өмір бойы соғысты жырлады. Ол — дауылпаз шалдардан қалған мінез, рух, кан. Бейбарыс сұлтан Сарай-Беркемен байланыс жасап тұрған. Неге? Ол да туған жердің тылсым құдіреті. Сарай-Беркеге мың түрлі сый-сыяпат жіберіп тұрған. Асыл тастың алуан түрі, маймыл сияқты қыпшақ даласына жат аңдар мен бұлбұл сияқты таңсық құстарды да жіберіп отырған. Сонда елшіден не сұрайтын еді? Бір түп жусанды сұрайтын еді ғой. Міне, туған жер! Сол шалдар осы туған топыраққа кіндікпен байланып қалған.



ЖУСАН ИІСІН, АЛЫП АТЫРАБЫН АЯЛАҒАН



НАҒЫЗ «ДАЛА ҚОҢЫРАУЫ» КІМ?

Бейбарыстардан кейін бұл топырақтың дарабозы деп Жәңгір ханды айтамын. Мен Жәңгір хан үшін көп таяқ жеген адаммын. Баяғы Совет заманында құдайы-күлшедей жұқа «Жәңгір хан» деген жинағым шығып еді. Өзімнің көкелерім ЦК-ға арыз жазды. «Рақымжан Махамбет пен Исатайды жек көреді. Жәңгір ханшыл. Ол — хан емес, қасқыр. Сондықтан, оның кітабын шығаруға болмайды» деген. Біз Ыбырай Алтынсаринді «Дала қонырауы» деп жүрміз. Әруағы ырза болсын, ол — ұлы ағартушы! Ол кісі 1841 жылы дүниеге келді. Ал 1841 жылы Жәңгір хан қазақ даласында алғашқы мектепті ашып еді ғой. Сонда нағыз «Дала қонырауы» кім? Жәңгір хан қазақша, орысша, немісше, французша еркін сөйлеген адам. Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаев «Хандардың ішіндегі ең прогрессивтісі — Жәңгір хан» деді. Оның білімдарлығын, саяси көзқарасын жақсы атаған.

Егер Жәңгір хан емес, қасқыр болса, Семенов Тянь-Шанский Петербургтен әкеліп, ботаникалық бақтың бөлімшесін Бөкей ордасынан ашпайтын еді ғой. Сол қарағайлар әлі тұр жайқалып. Мектеп ашты ма? Ашты. Константин Альдекон деген орыс мұғалімін жалдап бала оқытты ма? Оқытты. Ханның баласы ма, қараның баласы ма — бәрібір. Халыққа дәріхана ашып берді. Жаман ауруларға қарсы екпе ектірілді. Сонда да Жәңгір жаман. Кейде бұл қазаққа жақсы болсаң да естітінін — атаңа нәлет. Жаман болсаң да естітінін — атаңа нәлет.

Жәңгір — қазақтан шыққан тұңғыш генерал-майор. Баласы Ғұбайдолла Жәңгіров — қазақтан шыққан тұңғыш генерал-лейтенант. Қазанға бардым, татардың астанасы. Ленин оқыған, Лев Толстой оқыған университетінде болдым. Екеуі де бітірмей кеткен. Солармен бірге Жәңгірдің майлы бояу портреті тұр. Өйткені Жәңгір олармен тығыз қарым-қатынас жасаған. Жәңгір хан — атақты Қазан университетінің құрметті профессоры. Олар Фатима-Тоташ Хүсейінқызын алды, күйеу бала деген жоқ. Фатима-Тоташ Ордаға келіп мектеп ашты. Қазақ қыздарына би өнерін үйретті. Ең бастысы, бәйбішелік өмірге дайындаған. Сол Фатима-Тоташ ашқан бәйбішелік мектеп қазір жоқ.

Жан ауыратын бір жайды айтайын. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі жоқшылық жылдары Жәңгір ханның зиратын жергілікті халық тонап кеткен. Ағашын отын қылған. Кірпішің алып қора салған. Зиратта Жәңгір хан өзі, артында Фатима-Тоташ, бір жағында баласы Мендікерей, бір жағында Сейіткерейі жатыр. Бір күні танертен ауылда таңғайып құбылыс болыпты. Жұрт орнынан тұрса, Жәңгір үрім-бұтағымен жатқан қорымды сырланған темір қоршаумен біреулер қоршап кетіпті. Сөйтсе, Қазаннан арнайы бригада шығып, бір түнде қоршауды орнатып, қайтып кеткен екен. Бұл — 1946 жылғы оқиға. Ал Жәңгір хан 1846 жылы 11 тамызда қайтыс болды. Бір ғасыр бойы күйеу балаларын

ұмытпаған татар халқына таңғалу аз, табыну керек!

«САЛЫҚ ӨЛДІ ДЕГЕНШЕ, ХАЛЫҚ ӨЛДІ ДЕСЕЙШІ»

Мұхамед-Салық Бабажановтың әкесі — Қарауылқожа Бабажанов. Ол — Жәңгірдің қайын атасы. Зылиха деген қызын алған. Тегі — қожа. Негізі Бұқардан келген. Жәңгір мектебін бітіреді. 1832 жылы туған. Шоқан Уәлихановтан 3 жас үлкен. Неплюев кадет корпусына оқуға түсіп, оны бітіріп, офицерлік шен алады. Содан кейін ғылым жолына түседі. Туған жерінің табиғатын, тарихи-мәдени ескерткіштерді зерттейді. Семенов Тянь-Шанскиймен — Ерікті императорлық географиялық қоғам президентімен тікелей байланыста болады. Тапқан жаңалығының барлығын соларға жіберді. Үлкен ғылыми жынға қатысып, сөз сөйлеп, баяндама жасайды. Сол жерде Шоқан Уәлихановпен танысады. Мұхамед-Салық Бабажанов Шоқан жазбаларында көп кездеседі. Ол — өлшеусіз еңбегі үшін Ресей императорлық география қоғамының «Күміс медальін» алған тұңғыш қазақ. Оның жазған еңбектерін мен көп жиналдым. Қазақша аударып баспадан шығардым. Шын мәнінде, оның бағы ашылмай қалды. Ол өте сауатты адам еді. Бірнеше тілде сөйлеген. Ең соңында оған у беріп өлтірді. Бұл дәлелденген шындық. Халықтың аузында мынадай мақал қалды: «Салық өлді дегенше,



халық өлді десейші» деген. Атақты төре тартыстың иесі күйші Дәулеткерей Шығасев «Салық өлген» деген күй шығарды. Ең бір өкініштісі — Ресей жалға алған Капустин Яр деген полигондағы зираттан іздеп бардым. Кеңес үкіметінің кезі еді. Мені зиратқа кіргізбеді. Қорымды қиратып, құлпытасын трактормен бір жерге жинап тастапты. Қарыс қадам жер бастырмады. Міне, егер жоқшы болатын болсақ, туған жердің осындай асыл перзенттерін іздеп, атын ардақтатып, кейінгі ұрпақтың құлағына сіңіре бермесек, туған жер дей бергенімізбен, оның қадір-қасиетіне жетпей қалуымыз мүмкін!

Атырау сапарында жазып алған
Жарас КЕМЕЛЖАН

«Жас қазақ» газетінің ұжымы жазушы-драматург Рақымжан Отарбаевтың қазасына байланысты марқұмның тұма-туыстарына қайғырып, көңіл айтады.
Жатқан жеріңіз – жұмақ, топырағыңыз торқа болсын, Атыраудың арда ұлы!

Ода

АҚПАН, САҒАН НЕ ДЕЙІН?!

(Рақымжан Отарбаевты жоқтау)

Ақпан, сенде білмен не нақы барын,
Көзге тағы қондырдың қатыда мұң.
Көр қазуға үйірсін

қар астынан
Қара жердің қопсыттың топырағын.

Ақпан, саған не дейін?!
Өкпелімін...
Қидың ба оңай тағы бір
Көктем ұлын?!
Бүгін таңмен қалың жұрт
аза тұтып,
Ұлығанын естідім көк бөрінің...

Ақпан, сенің суық қой атың мәңгі,
Бізден қандай алмаған ақың қалды?!
Шығысымда – қиып ең (Тұрсынғазы)
Рақымовты,
Батысымда – жұттың ба
Рақымжанды?!

Білмен біз де болармыз
қашан ғайыт?!
Алла ісіне қарсылық жасау да – айыт.
Кеше Ертіс толқып еді
мұзды жарыт,
Бүгін тасып өксіді-ау, асау Жайық...

Азалы әуен азынап,
кешіп көкті,
Тұтас дәуір ортамнан көшіп кетті...
Қар бетіне көз жасым ырышып түсіп,
Қара жердің кеудесін тесіп кетті.

Ақпан, енді дамылда, халді ая бір,
Қасіретке кенде емес қаймана қыр...
Сұп-суық қар астынан
топырақтың
Ып-ыстық буын көру – қандай ауыр...

Жұлдыз БЫСҚАҚ,
ақын



Тағдыр — біреу, кезек — екеу. Ата-бабаларымыздан бері қарай құлағымызға сіңіп қалған Мысырды Бейбарыс екі үлкен шапқыншылықтан құтқарды. Біреуі — Франция королінің «Крест жорығы». Сегіз ғасыр өтсе де, арабтарда Бейбарыс сұлтанның аты, қолбасшылық құпиясы әлі күнге дейін аңыз. Африканың тоғыз елін кесіп өтетін ұлы Ніл өзенін бөгеіп, француз әскерін суға тоғытып, батпаққа батырып жіберу не деген көрегендік! Не деген ерлік! Екіншісі — кезінде елін шауып, өзін құлдыққа сатып жіберген монғол әскерін ойсырата жеңуі.

Балам Ермерей екеуіміз Каир мен Александрияны араладық. Сонда Нілдің бөлініп ағатын жап-жасыл шалғынды жерін көрсетті бізге. Сол арал сияқты аумақта Бейбарыс киіз үй тігіп отырыпты. «Сенің аталарың биі байлап, қымыз ішіп отырды» деді сол жақтағы тарихшылар. Бейбарыс өмір бойы қыпшақ тілінде, әрі-беріден соң қазақ тілінде сөйлеген. Тәңірберді деген аудармашысы болған. Бейбарыстың әйелінің аты — Тәжібақыт. Ахмат, Сайыт деген екі ұлы болған.

2010 жыл. Бейбарыс туралы пьеса жазылып, театрда қойылып жатқан. Астанадағы Ұлттық академиялық кітапхананың басшысы болатынмын. Сәтін салып Каир ұлттық кітапханасының президентімен екіжақты меморандумға қол қойдық. Каирдың кітапхана басшысы мені бөлек бөлмеге алып барып: «Мынаны қараныз! Бұл Бейбарыстың көзі тірі кезінде ғалымдар, тарихшылар жазған 3000 беттік тарих, қыпшақ баласының ірлікке толы шежіресі. Осыны қозғап, іздеп келген ешкім жоқ», — деді.

Бейбарыстың кезінде салынған қаншама сәулет өнері бар. Әл Азхар университетінде болдым. Бейбарыс пен Қалауым, Қайтпай сұлтан салдырған ғимараттарда болдық. Бөрінің басында қазақтың қошқар мүйіз оюы тұр. Сурадым. «Мұндай қошқар

Сол аңыздың үлкені Каирдың ортасындағы Бейбарыстың мешіті. Біз барған кезде мешітті күрделі жөндеуден өткізіп жатыпты. Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев қордан 4 млн доллар ақша бөлірген екен. Сол мешіттен екі тас алып келдім. VIII ғасыр өтсе де, нәлі құрымаған, ортасында мөрі бар.

2000 жылы Иманғали Тасмағамбетов Атырауда облыс әкімі болып тұрған кезі еді. Мені шақырды. Бардым. «Төреге қарашы» деді. Қарадым. «Анау Лениннің ескерткіші. Екі айдан кейін орнынан аламын. Бейбарыстың ескерткішін жасатып жатырмын. Соны қоямын. Сен театрдың директорысың. «Бейбарыс» деген пьеса жаз. Үлкен шара өтеді. Шетелден ғалымдар, қонақтар келеді. Сенің пьесанды қоямыз», — деді. Сол пьесаның жазылуына Иманғали ықпал етті.

ЕДІЛ ПАТША ДА БІЗДІҢ БАБАМЫЗ

Бейбарыстан ары кетсек, Аттиланың, яғни Еділ патшаның да іздеушісі жоқ. Еділ патша да біздің бабамыз. Бүкіл Еуропаны құтқарды. Еуропа әлебиетін қарап отырсаңыз, Еділ патшаға арналған ода, поэма, өлеңдердің санында шек жоқ. Қаншама опера қойылып жатыр. Ал туған топырағында ешнәрсе жоқ.

Еділ патша Батыс Еуропаны Римнің жорығынан құтқарып, Римді қоршаған кезде, Рим Папасы не істеп еді? Туған қарындасын берді. Ертеніе Еділ патша өліп шықты.

Екі дүниені ұмытпайық! Біреуі — Рим Папасы «Папа» болғалы, діні басқа адамның бірінші және соңғы рет Еділ патшаның алдына еңбектеп келіп қолын сүю. Екінші — Бейбарыс сұлтан. Дәуіт пайғамбарға тәу етуге барады. Жойтгер келген адам еңкейіп кірсең деп есіктін босағасын аласартып қойған екен. Бейбарыс «Мен атпен бірге жаратылған адаммын. Діні басқа адамның



Мейрамбекке аманат арқалатып отырып, біздің толқынның арқасын шымырлатқан шындықтың шыңылтыр аязы – қабырғамыздың да астын кеулеп, қарып түспесе де қауып өткендей болды. Өтпелі кезең – дейтін тарихтың тар қолтық кезеңінде келе жатқан толқын – толқымай, айнымай, ауытқымай тұрмайды. Біздің толқын – осы аласапыранның бел ортасында жүргендер. Заманына сай құбылғаны бар, нарықтың мінезіне қарай өзгергені бар... Әркім өз қара басын ойлап кеткен қайырымсыздау уақыттардың құшағында тұншыққаннан ба екен? Өзімшілдік те жоқ емес. «Жетім қозы – тасбауыр, түңілер де отығар..» Иә, біз осындай қоғамның қойыртпағынан қорғасындай балқып шыға алдық па? Жоқ па? Бір білетінім, Тәуелсіздікпен бірге Алматыға келіп, ақар-шақар алмағайып уақыттардың ауыр жүгін сезініп, арқауымыз жыртылса да алқам-салқам боп жүруді намыс көрдік. Намысқа булығып өскен адамның ішінде қыжылы болады. Қыжылымызды жасыра алмай әнге қостық, жырға қостық, сөз сапырсақ, сорпа-суы қылдық. Әрине, бәріміз емес, өйткені, өткінші-өліара кезең өгіздей өкіріп өткенше, талай-талай тас маңдайларды тастанды баладай топ-тобымен топырлатып, заман-шіркін, домалатып тастап жатты. Соның нәтижесінде, бізде бәрі бар еді. Бәрі бар дегенім – ақылды да қу да алаяқ та аларман да өлермен де, саудагер-алып-сатар да бұқа-көз бұзық та бомж, бич, жалшы да, тіпті бізде Сайын мен Сейфуллин көшелері де болды ғой... Кейде, кінәліні іздесең, ақталғандай боласың. Ақталайын десең, мынау сенің заманың – дейді. Иә, амал жоқ, менің заманым!..

Қали ағамның бір толқынның маңдайынан ұрып, таңдайынан көтергендей ащылау назына орай жазылған жауап-уәжімді «Жас қазақ» газетіне арнайы жіберіп отырмын.

Елге қарасам,
Көзіме тиді қамшы боп.
Ұлтты ойлайтын ұлым қайда?
Жұртты ойлайтын қызым қайда?
Жолың қайда?..
Жөнің қайда?..
Мен қайда?..
Керуен-керуен көші ілгері,
Ұлы дала төсіндегі еңсесі зор ел қайда?
Жоғалтпаған тасқын кейпін,
Он үшінде баспын – дейтін,
ездігі жоқ ер қайда?
Соларды ойлап берілемін шерлі ойға...
Осылай,..
Төте болды қойған сұрақ,
Ойлан, Шырақ!»

Киянат қылмай айтамыз сөзді, дос ұқса...
О, біздердің толқын, топаны бірге аралас
Айыра алмайсың мықтысын,
Араластырып, қосып та,
Алдынан аттай тосып та!..
Кебегі бөлек, керегі бөлек шығар ед,
Қалбырлап, қайта тасытса.
Өтпелі кезең кезекпе-кезек кеп жатыр
Кім ұғар дейсің?
Солай екен ғой, асықса...

Асыққан ұрпақ,..
аптыққан толқын – толқын ба?
Аңғара алмайды,
алдында жар ма, ор тұр ма?
Абай да қорыққан балалар менен
жастардан

Жар құлатар толқын болу – серт, бізге.
Тәңір иісі – тамыр иісім жұмсарып,
Өзегінен жұпар шашып тұрса анық,
Менің рухым – сенің рухың асқақтап
Өзге жұрттар қарап тұрса, күн салып.

Үнімізге ай мүлгісе, күн жсайлап,
Сырын төксе, сыбызғы мен сырнайға-ақ.
Әруақтар танитындай даусынан
Бесігінде-ақ үйдесе, іңғайлап...
Өр рухыңды оятардай сәт туса,
Жанарыңнан жарқ етсе бір, нұр қайнап
Бағаласаң – байлығың ғой, бұндай бақ!

Тілімізге темір сауыт кигізбей,
Төрт құбыладан соққан желге тигізбей.
Маңдайынан Таң жүзіндей Тәңір мен

АМАНАТ АРҚАЛАТҚАН ҒА ҚАЛИ СӘРСЕНБАЙҒА

Иә, ойланайық, бағамдайық, бажайлап,
Басымыздан үркіп ұшқан талай бақ,
Қырын қарап кетсе дағы бір кезде,
Қызыр да жүр қырсыз елді маңайлап.
Ұлтын сүйген ұлыларды ұлықтап,
Түс көрсем де, түс қашсам да соны ойлап,
Мінер жағын менсінбейтін...
қасқа айғырдай, сақсының,
...Камшылар жағымға қарайлап,
Сөз бастадым орайлап,
Алды-артымды абайлап.

Ағайлар қорықса, атадан
қалған жол тұр да?..
Жоқ, біздер...
Туса екен – дейміз,
тектіден бәрі текті – боп,
Тектілер, бірақ тексізден
жүр-ау, тепкі жеп.
Арсызға құмар атақтың құны

Ертеңің үшін езіліп жатса,
не керек?
Сыбырлап сырттан тон пішіп жүр ме
біреулер,
Өнердің Қызыр-шапаны биттеп
кетті – деп...

Биттемей қайтсін?!
Шошқаны үргізіп қорада...
Қораның итін қаңғытып
қойып далаға,

..Ит сиген жерге аунатып,
Қораға қайта түнетіп,
Күлімсі иісін мұңкітіп,
Періштелерді үркітіп,
жсын-жыбырды пір тұтып,
Төбесіне, билетіп қойсаң,
жылқытып...

Биттемей қайтсін?!
Қолтығына дым бүркіп,
Етек-жеңін өрмекшідей
Өңшең өлермендерге ыздыртып,
Мойнына лыпасыз сайтан мінгізтіп,
Жағасындағы киіз боп кетсе,
қыл-қылтық...

Биттемей қайтсін?! – дейміз-ау,
көзден мұң сүртіп,
Қызрдай шалды қымсынттып.
Бит-бүрге басқан киелі ондай шапанды
Бытыр-бытыр еткізіп,
жалынға қақтап,
Отқа алу керек бір сілкіп!..

Содан соң, күннің көзінен
Төгіліп, нұр бер, шуақ бер.
Ай сәулесіне суарып,
арылмас мәңгі қуат бер.

Сайын даламда самалмен, желмен
жарыссын,
Жер-көкті түгел шарлайтын түлпар-
пырақ бер!
Жағасына алтын, жеңіне жезден
өрнек сап,

Астарында аруақ аунайтын,
Тысында ешкім мазасын алмайтын,
Иығына жұлдыздай
жанған шырақ бер,
Тек, сосын барып сынап көр!..

А, Тәңірім, жамандығыңды жеткізбе,
Шежіремнің шерлі мұңын шерткізбе!
Жалын кешіп, жасын құшқан жастарға,
Жала менен жапаны да шеккізбе!
Басқа салса, тозақты да жұмақтай
Көтеретін нар түлғалар көп бізде.
Жақсы ағалар жанымызда жүргенде,

Күннен басқа ешбір жанға сүйгізбей...
Қабырғасының астына
Кір-дүниені кіргізбей,
Аяласақ, білгізбей!..

Біздің жүріс – өрлігінен жаңылмау.
Аласармас ар-намыстан арылмау.
Ат тезегін алтын көрген біреуден,
Бақ кезегін күтіп жүрмей, арындау.
Біздің арман – салмақ қосқан санаға,
Әруақ қосқан мынау ұлы далаға,
Жаны ауырып, қамқор болған Қалаға,
Ақтамберді арманынан ауырлау!..

...Ақаңның аманаты – деп,
Қали ағам қатты айтқаны – дұрыс болды.
...Жақсы айтқаны – жанымызға
тыныс берді.

Ұлы дала – ұлт үшін мәңгілік төр,
Ытымаққа берейік ырыс-төрді.
Ағасы – ақыл, інісі – мақұл болып,
Болашаққа бастайық, ұлы істерді!

P.S

...Мейрамбек тумам емес,
тұғырласым.

(Құдайым ұзақ қылсын ғұмыр жасын.)
Тұрғандай бір бүйректі бүлкілдетіп,
Туғандай қадірлеймін жұмыр басын.
Жүректі нұрға аунатып жүретұғын
Өрнекті өнер жолы құбылмасын.
Іс қылса, ізгіліктің ізін көріп,
Ілкі жұрт ұлықтайды ұғынғасын.
Сөзіне жұрт көңілі жібімесе,
Сезеді өз жүрегі жылыныбасын.
Белбеудің қасиетін біледі ол да
Бұл жолда белді бекем бұынғасын.
Ән айтса, күн құлатып, ай жүгіртер...
Осылай туу керек, туылағын!



Мейрамбек БЕСБАЕВ

Қали ағаның қазық қып қадап, айтқаны-ай,
Айналасын солқылдатты, ... зырқ етті.
Жер қозғалып кетпесе де...
Миымыздан шаң ұшқандай, бүрқ етті.
Қазағымның қайран сөздері-ай,
Тәңір-наттес, Ай менен анау, Күн-текті.
Бұлтақтатпай, бұра тартпай қалай
жеткізем,
Буырқанып, булығып тұрған бұл-кепті?

Бозторғайы ұя салып жүрекке,
Сол – алты жасында-ақ,
боздауын айтқан бұ көпке.
Мейрамбектей бір ұл берген құдайға
Айта алар дейсің кім өкпе?..

...Өкпе де емес, назда емес.
Бұл – артындағы інілерге айтқан
Ағалық ақыл, аз кеңес...
Әйтпесе, атынан түспей дәрет
сіндырған талайлар
Анау, үлкендердің араларында аз да емес...
Құдай емес-ау, құдайсынғаннан қорқамыз
Ойсыздарменен толған да сайын ортамыз.
Өлдей-бейне тобырдың санын көбейтпей,
Бөрідей кейде ...біздер де жалғыз
жортармыз.
Сосын, ауылға шөлдеп, қайтамыз
Тандыр боп кеуіп қолқамыз...

Жортып та жүріп жоралғы, жол мен
жосыққа

...Ақаңның аманаты – деп,
Нарға емес,
Арға салып бір жүкті,
Қали ағам, қатты айтыпты шындықты.
Қатты айтқанда, жақсы айтыпты,
Мына сұрқай тірліктегі сұмдықты;
«Ғалымнан залымды оздырған,
Арыңнан жаныңды оздырған,
Жаныңнан малыңды оздырған,
Бәйге атындай, бауырын нұлға
жаздырған,

Қасындағы қошеметшіл тобырға
Тереңдеп қабір қаздырған.
Көк сандығың көзді көкшітіп,
Ашынаш пен құшынашты мәз қылған.
Саңқылдап самғар қырандар,
Қаңқылдатып қаз қуған,
ХАЛҚЫМ, ҰЛТЫМ, ЖҰРТЫМ – деп
Пәленің ошағын қазды, ... сөз қуған?!
Бұл не деген заман боп тұр, Мейрамбек,
Албастының да арқасын қоздырған?!
Айғайлағаны әнші боп,
Ыңыраңғаны Шәмші боп,
Құрқұлақпенен ауырған
Жазықсыз жұрттың жылпостарға
жалшы боп,

Топтан озып, дүлдүлі шықпай,
Бақтан ұзап, бұлбұлы ұшпай тобырдың
Ой балқытқан көсемі де,
Сөз шалқытқан шешені де
Бара жатыр жәй, әншейін, жаршы боп...
Айтпайын десем, Намысым...
Жерге қарасам, өзіме тиді,



Бақыт БЕДЕЛХАНҰЛЫ,
ақын, Халықаралық «Алаш»
әдеби сыйлығының иегері



БІЗДІҢ СҮХБАТ



Жас казак: Алғашқы әңгімемізді бүгінгі қызметіңнен бастасак. Өзіңіз басқарып отырған Ғабит Мүсірепов атындағы Казак мемлекеттік балалар мен жасөспірімдер театрының қазіргі тыныс-тіршілігі, шығармашылық жанылығы қандай?

Сәбит Әбдіхалықов: Бұл Ғабит Мүсірепов атындағы Казак мемлекеттік балалар және жасөспірімдер театрында соңғы екі жылда бұрын-соңды қойылмаған жаңа қойылымдар қойдық. Жас авторлардың да жазбасын ескердік. Мен басшылыққа келгелі театрда ішкі фестиваль өткізіп келеміз. 2016 жылы

Сәбит ӘБДІХАЛЫҚОВ:

«Алтын сақа» қойылымын ұсынып, тек балаларға арналған қойылым арасында байқау өткіздік. Екінші жылы сырттан әділқазы мүшелерін шақырдық. Олар өнердің жігілін шағып, майын ішкен Есмұхан Обаев, Сатыбалды Нарымбетов, т.б. Мұнда қазылар алқасы өз ойын айтып қана қоймай, мін түзелу үшін сын айтылады. Актерлік шеберлікке баға беріп, өнеріне қарай номинация ұсынамыз. Былтырғы жылдың өзінде 7 жаңа қойылымды халыққа ұсыныппыз. Өзге театрлардан біздің ерекшелігіміз — екі есе жұмыс істейтіндігімізде. Өйткені күндіз сағат 11-де балаларға, ал кешке үлкенді-кішілі жалпы көрерменге өнер көрсетеміз. Сол себепті бізде салмақты сапасымен қоса саны да қатар жүреді. Сондай-ақ жас автордың да жаңа қырын ашып, көрсету, таныту — негізгі жұмыстың бірі. Өйткені жастардың жігері, ой-санасы, жаңа заманға, яғни бүгінгі көзқарасқа байланысты жеткізу жағынан да жеңіл келеді. Қазір мұндай жас режиссер бізде өте көп. Соның бірін атап айтар болсам, ол — Жұлдызбек Жұманбай. «Махаббат хаттары», «Томпақпен келген жаңа жыл», «Ромео-Джолетта» сияқты қойылым қойды. Бұған қоса, Жәнібек Әлкен деген автордың «Сикырлы терезе» атты балаларға арналған туындысы өте сәтті шықты. Мүмкіндігінше, казак авторының еңбегін ескеріп, жұмыс істеп жатқан жайымыз бар. Актерлер ішінде өздері қойылым қойып, жеке шығармашылықпен айналысамыз дейтіндерге де мүмкіндік қарастырылған. Бүгінде театрымыздағы жетістігіміз жетерлік. 2015 жылы Қонағая барып, Халықаралық түркітілдес халықтардың фестивалінде жүлделі орын алып қайттық. Жыл сайын 3-4 байқауға қатысып, оза шауып жатырмыз.

Жас казак: Ғабит Мүсірепов «Хас сұлудың көз жасындай мөлдір өнер —

Театр – рухани байлықтың айнасы. Нағыз қазақы өмірдің иісі аңқитын өнер ордасы. Өмірдің сан түрлі соқпағын бұтпасыз, боямасыз бейнелеуші. Сондай-ақ, мұндай теңдессіз теңеудің мұрты бұзылмай сақталуы орасан еңбектің арқасы. Бұған ең әуелі театр басшысының да ықпалы бар дер едік. Өйткені өз өнер ұжымын жетелеген басшы қашан да мінін тұзеп, биікке қол созары анық. Осы орайда, еліміздегі ең беделді киелі ошақтың бірі – Ғабит Мүсірепов атындағы Казак мемлекеттік балалар және жасөспірімдер театрының директоры Сәбит Әбдіхалықовпен сұхбаттасқан болатынбыз. Ол кісімен қазақ өнерінің бүгінгі күйі, театрдың тыныс-тіршілігі, қазақ сатирасы жайында біраз әңгіме тартаттық.

театр» десе, ал Мұхтар Әуезов «Театр — қоғамның айнасы» деп театр өнеріне жоғары баға берген болатын. Осы атауға бүгінгі казак театрлары қаншалықты лайық? Қоғамның айнасына айналып, ақ пен кара тұсын қаншалықты айшықтап беріп жатыр?

жұмыстың бірі — дала театры. Ашық аспан астындағы театр. Далада, яғни қаланы аралап өткіземіз. Астанадағы ЭКСПО көрмесіне де барып қайттық. Бұл үрдісті бірінші болып біз бастадық. Осы наурыз айында Атырау қаласына бару жоспарымыз да бар. Нағыз таза өнер қашан да театр деп айта аламын. Өйткені

баршылық. Тіпті кейбіреулер бір әзілді 10-15 жыл ойнап, жалғыз образбен бар ғұмырын өткізеді. Ал театр деген бөлек дүние. «Бауыржан шоуда» дайындық қызу жүретін. Түрлі жағдайды құбылтып ойнадық. Өртістің ең басты қасиеті — көру, сену, сезіну және оны

КВН-нан шыққан әртіс болмайды



Сәбит Әбдіхалықов: Иә, расында театр — өмірдің, яғни барлық құбылыстың айнасы іспеттес. Өйткені осы арқылы күнделікті өмір, қоршаған ортада өзекті мәселені астарлап, айшықтап көрсетеді. Театр рухани өнердің — қарашанырағы. Бізде жақында ғана көрерменге жол тартқан «Аққулар ұйықтағанда» қойылымы қоғамдағы бұқпасыз ақиқатты сипаттайды. Бүгінде жастар да, үлкендер де рухани байлық, кітап оқу сияқты дүниелерден алыстап барады. Осы бір түйткілді мәселеге тереннен үңіліп, жіті жеткізуге тырысамыз. «Шанырау», «Бір түп алма ағашы» қойылымы да бүгінгі күннің бет-бейнесін анық көрсетеді. Дегенмен сол оқиғаға ену арқылы, шығар жол қарастырып, дұрыс-бұрысын ажыратып беруге әрекет етеміз. Театр арқылы бүтін бір ұлтты тәрбиелегіміз келеді. Осы орайда жүзеге асырған үлкен

денгейінде ғана жаксы өнер көрсетеді. Бірақ әзіл-сықақ театры деп, кәсіби сатира сандықтарымен салыстырып қарауға болмайды. Бүгінде нағыз шынайы образ сомлап, керемет өнер көрсетіп жүрген «Өнер қырандарын» ерекше атап өтуге болады. Шындықты астарлап, нағыз әзіл-сықақпен жеткізіп отырған өнер иелері. Ал басқасына қарап қарнымыз ашатын жағдай көп. Өткізінші кезеңде жүргендейміз. «Комедия клуб» деген Ресейде де бар. Олар сатира театрларын басып озып, шынымен де рухтас болып жатады. Заман талабы, бәлкім. Осы бір өтпелі кезеңнен өту керек шығар бізге де. Бүгінде сатира, эстрада, кино, қай сала болсын, ішіндегі ең жеңіл-желпі дүниесі халыққа тым жақын болып кетті. Жұрт та оны емін-еркін қабылдайды. Әрине, бес саусақ бірдей емес. Әңгімесі мен әрекеті бір-біріне сай жандар да

халыққа шынайы жеткізу болып табылады. Құдайберген Сұлтанбаев, Мейірман Нүрекеев, Бауыржан Ибрагимов ағаларымыз керемет, сәтті образдарымен есте қалды.

Жас казак: Сәбит мырза, өзіңізді директорлық қызметің жұмсақ креслосына жайғасқалы сахнадан жоғалтып алған жоқсыз ба? Өзіңіз басқаратын Мүсірепов театрында рөліңіз бар ма? Әлде сатираның әртісіне жастар театрының сахнасы жетіспейді?

Сәбит Әбдіхалықов: Театрда шамам келгенше қызмет еттім. Бойымдағы талант пен талабымды көрсете отырып, өнерге деген сүйіспеншілігімді жеткізе алдым деп ойлаймын. Әр нәрсе өз уақытымен. Бірақ сахнадан өзімді жоғалтып алдым деп ойламаймын. Алдағы уақытта Алла сол жолға қайтадан салуды да мүмкін. Ал қазіргі менің қызметім, жауапкершілігім осы театрға тікелей байланысты болып тұр. Театрдың дұрыс бағытта жұмыс істеуі, репертуарлық саясаты, көрерменді қызықтыра білу, басқа да маңызды шаруа бастан асады. Содан болар, өз шығармашылығыма уақыт болмай жүр. Өйткені басшылық деген баланың ойыны емес. Бітірген мамандығым — драма актері. Қазір сахнаға шығып, қойылымға дайындалатын болсам, рөлімді бір кісідей алып шығуға шамам жетеді. Бірақ дәл қазір мақсатым мен алдыма қойылған талап мүлде бөлек. Бұған қоса, зам талабына сәйкес, директор өз театрында рөл сомдай алмайды.



«ЖАС ҚАЗАҚТЫҢ» САУАЛЫ

– Әлеуметтік желі қолданушысы Назарбаев Зияткерлік мектебіне түсу үшін тапсыратын сынақ кітапшасында МС Сайлаубаев туралы сұрақ жүргеніне наразылық білдірді. Дәлел ретінде кітапты бейнекемерға түсірген. Оқулық авторының бірі ретінде осы жағдайға қатысты жауап бере аласыз ба?



ЖАУАБЫ

Серікболсын ДҮЙСЕМАЙ, кітап авторы:
– 100 мың данамен шығатын, ішінде қаншама қате өріп жүрген талай

оқулықты көзіміз



Біз де бірегей көлік бар. Оны Қ.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетінің инженер студенттері құрастырған.



Қазақтың қолынан шыққан



Үш айда ғана жасалған көлік экологиялық таза отынның бір түрі этанол арқылы жүреді. Сондай-ақ 200 шақырымға бар-жоғы бір литр бензин кетеді. Студенттер көліктің қозғалтқышын Honda Af55e негізінде жасап, жарыс машинасына сай әрбір бөлшегін өзгертіпті. Қанқасы арнайы дюралюминий құбырдан, корпусы — шыны пластикпен, жүргізушінің алдыңғы орны шыны поликарбонатпен қапталған.

ЖЕКІНЕ-ЖЕКІ

Kiman vs PocketBook

СЕН ӨЗІ КІМСІҢ?

ДӘУРЕНІҢ ӨТІП, ЗАМАНЫҢ КЕТТІ

АЛ ШАРУАҢ БІР ТАЛ ШЫРҒЫ

тар

Қазақтың ғашықтық жырларында, ел жадында жатталған мәңгілік бейнелер бар. Айталық, Қыз-Жібек пен Төлеген, Қозы Көрпеш пен Баян Сұлу. Оларға деген құрмет жыл өткен сайын арта түспесе, еш кеміген емес. Мәселен, «Халықтық бейне – халық таңдауы» деген атаумен бүгінгі Жібек пен Баян Сұлудың бейнесін көпшілік өздері таңдайтын болды. Осыған орай, Алматыда BAYAN SULU – 2018 байқауының басталғаны хабарланды.

Баян Сұлуды бірге таңдайық!

Басқосуда ұйымдастырушылар «Қозы Көрпеш-Баян Сұлу» телехикаясының қатал сынға ұшырап, халық арасында біраз пікірталас тудырғанын еске салды. Олардың айтуынша, «Көрермен қауым, әсіресе, Баян Сұлудың образына наразылық білдірді. Өз қалауындағы шынайы, жырдағы беймен ұйытасатын қазақ аруын көре алмады. Осыдан кейін халықтың өз ойын білдіріп, сүйікті кейіпкерін өзі таңдағысы келетініне ниетті екенін аңғардық. Сондықтан біз өзіміздің жобамызда әлгіндей қателікке жол бермейміз», — деп.

Байқауға 18 бен 35 жас аралығындағы қыз-келіншектер қатыса алады. Ол үшін halykbayansulu.kz сайтындағы анкетаны толтырып, суреті мен бейне-акпаратты жүктейді. Қазақ халқы Баян Сұлуды неліктен қаірлейді? Қазақ қыздары үшін идеалға айналуының сыры неде? Байқауға қатысқан арулар осы сауалды өз бойынан іздеуі керек. Сондай-ақ бейне-акпаратта өзінің Баян Сұлуға тән қасиетін, ерекше мінезін, ақылын, көркін баяндайды. Жөнімпаз дауыс беру арқылы анықталады. Жүлдеге іліккендер сәуірдің 15-күні, яғни «Қазақтың ғашықтар күнінде» әйгіленеді.

Бастаманы «Айқын» газетінің Бас редакторы Нұртөре Жүсіп те қолдайтынын айтып. Белгілі журналист «Қозы Көрпеш-Баян Сұлу» ғашықтар күнінің кең насихатталып, тоялануын қос қолдап

қолдайтынның бірі менмін. Әр отандасымыз бей-жай қалмай, дауыс беру арқылы өз ойын білдіре алады. Бұл дегеніміз — өткен дәстүріміз бен ұлттық негізімізді ұлықтау болып табылады», — деп.

Дауыс беру нәтижесінде актық сынға 5 ару өтіп, олардың арасынан бір жеңімпаз анықталады. Әділқазылар құрамына қоғам қайраткерлері, мәдениет және БАҚ өкілдері, танымал блогерлер мен медиа нарықтың майталмандары кіреді. Ал хас сұлуды анықтайтын бас әділқазы, көпшіліктің өзі.

Бетгі дайындаған Салтанат ШЫРЫНХАН

Бас редактор — директор Срайыл СМАЙЫЛ Редакция алқасы: Елдос ӨМІРЗАҚҰЛЫ Бас редактордың орынбасары Жарас КЕМЕЛЖАН жауапты хатшы Ғалия ҚАЛИЕВА компьютер орталығының жетекшісі	Тілшілер мен қызметкерлер: Салтанат ШЫРЫНХАН — арнаулы тілші Әділманан КЕНЕС — жастар және ғылым Кәмшат ТӨЛЕШОВА — теріміз Айдоқ ҚҰСАЙЫНҰЛЫ — web-caim	Аймақтағы меншікті тілшілер: Байқал БАЙӘДІЛОВ — Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 778 910 45 34) Қажет АНДАС — Алматы облысы (8 747 706 13 82) Дүйсенбек АЙБЕКОВ — Жамбыл облысы (8 705 227 45 16) Баян ЖАНҰЗАҚОВА — Атырау облысы (8 702 426 69 05) Айхан БАШТАШ — Осло, Норвегия mahmutba@online.no Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30) Кезекші редактор Салтанат ШЫРЫНХАН	Шығарушы: «Аманат Медиа» ЖШС Директордың орынбасары Мейрамбек ҚҰЛМҰХАМЕДОВ Бас есепші Расима ӘКІМБЕКОВА	Редакцияның мекенжайы: 050004, Алматы қаласы, Абылай хан, 51/53, 6-қабат (М.Макаев көшесінің қиылысы) Телефондар: (8727) 279-04-99; 279-09-19 Бухгалтерия: тел.факс: (8727) 279-09-23 (жарнама бөлімі) Газет 2004 жылғы 14 желтоқсанда ҚР Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінде тіркеліп, бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы №5710-Г куәлігі берілген. Мақала авторының пікірі редакция қолқарасын білдірмейді. Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты. Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. www.jasqazaq.kz E-mail: jas_qazaq@mail.ru
---	---	--	--	--